



EGEMEN QAZAQSTAN

Абай тойы басталды

Күллі қазаққа ортақ алқалы той Арқа төріндегі Алаш астанасынан бастау алды. «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында өткен қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойының басталуына арналған «Қазақ халқы – Абайдың халқы» атты салтанатты кешке Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, еліміздің барлық өңірінде және шетелдерде жыл бойына өтетін мерекелік шараларды ресми түрде бастап берді.



Абай әлемі – қазақ әлемі. Алаштың алып темірқазығына айналған тұғырлы тұлғаның рухани келбеті бүгінде тұтас ұлт болмысын айшықтап тұр. Ендеше, Абайды жаңа ғасыр биігінде тану – рухани жаңғырудың басты һәм маңызды тірегі болуы тиіс. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айрықша мән беріп, өзінің «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін өзі тануы. Адамның өзін өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет», деп ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойын кемелдік пен парасат биігінде атап өтуге ерекше маңыз берген болатын.

Жыл басында «Egemen Qazaqstan» газетінде жарық көрген бұл айтулы мақала тұтас ұлт тарапынан зор қолдауға ие болып, абайтану ілімінің жаңа ғасыр бедерінде тың белеске бағыт бұруына кең жол ашып бергені анық. Ел Президенті атап өткендей, биылғы Абай жылы тек мемлекет ауқымында емес, әлемдік деңгейде тойланады деп жоспарлануда. Өйткені Абай мұрасын жаһандық деңгейде насихаттау – қазақ әлемін, ұлттың рухани кеңістігін жаһанға танытудың маңызды һәм айтулы қадамы.

«Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз», деген Мемлекет басшысы, Абай әлемінің тұтас адамзаттық деңгейде тойлануының маңызына да жан-жақты тоқталып өткен еді айтулы мақаласында.

Сонымен кеш шымалдығын Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова ашып, Абай жылының мән-маңызына тоқталды.

– Абай жылы – ел тарихында өшпес із қалдырған ұлы ойшылымыздың рухын асқақтату үшін қолға алынған игі бастама. Осыған орай биыл халықаралық және республикалық деңгейде ауқымды жұмыстар атқарылмақ. Ширек ғасыр бұрын Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен ұлы ақынның 150 жылдығын жоғары дәрежеде атап өткен едік. Бұл мерейтой егемен еліміздің еңсесін тіктеуге, ұлттық сананы оятуға зор үлес қосты. Тұңғыш Президентіміз сол жиында «Абай халқына қамқор, ұлтына жанашыр бола жүріп, күллі адамзатқа мейірлі гуманистік өреге көтерілді» деген еді. Шын мәнінде, кемеңгер тұлғамыздың мол мұрасы – бүкіл адам баласы үшін аса құнды әрі тағылымды дүние. Сондықтан Абайдың өнегелі өсиетін дәріптеу бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы деп білеміз. Бұл мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жақында жарық көрген «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында жан-жақты тоқталды. Ұлы ойшылдың еңбектері күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпай, баршамызға рухани азық болып отырғанын ерекше атап өтті. Қазіргі таңда еліміздің алдында биік мақсаттар тұр. Мемлекетімізде саяси, экономикалық, әлеуметтік саладағы жаңғыру үдерісі жүзеге асырылып жатыр. Осы орайда Абайдың ой-толғамдары бізге нақты бағыт-бағдар береді, – деген министр әрі қарай сөзін, Абай жылында атқарылатын нақты жұмыстарға тоқталумен жалғады.

Ақтоты Райымқұлова атап өткендей, биыл Абай мұрасы жан-жақты насихатталып, халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Нақтырақ айтсақ, қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында ауқымды халықаралық конференция өтеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абайды жаңа Қазақстанның символы ретінде таныту туралы ойын жүзеге асыру мақсатында ақынның өлеңдері мен қара сөздері оннан аса шет тіліне аударылып, Абай туралы бірнеше деректі фильм және телесериал түсіру жоспарланып отыр. Сондай-ақ мерейтой аясында Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтары» ашылатындығы да жария етілді. Аталған ауқымды шаралардан бөлек, сонымен қатар хакімнің ғибратты ғұмыры халқымыздың төл өнері – айтыс арқылы кеңінен насихатталып, ұлы ақынның туған топырағы Жидебай жерін абаттандыру бастамасы да кезек күттірмейтін жұмыстар қатарына еніп отыр. – Жалпы, біз Абайдың мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын өте маңызды шара ретінде мән береміз. Абай мұрасы – жаңа Қазақстанның одан

әрі өсіп-өркендеуіне жол ашатын баға жетпес құндылық. Ұлы ойшылдың өсиетіне әрдайым берік болсақ, ел ретінде еңселене түсеміз. Абай мерейтойы – Елбасымыз бастаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өте бір маңызды бөлігі. Тұңғыш Президентіміздің бүгінгі айтулы іс-шараға қатысуы бүкіл Абай мұрасын дәріптеу жұмысына ерекше серпін беретіні сөзсіз. Халқымыздың бойтұмары – Абайдың өнегесін өскелең ұрпақтың бойына сіңіру – баршамызға парыз. Сондықтан ұлтымызды ұлықтайтын осындай игі бастамаға жұрт болып жұмыла білейік! – деп Ақтоты Райымқұлова сөзін түйіндеді.



Мерекенің ресми бөлімі әр қарай концерттік бағдарламаға ұласты. Сахна төріне көтерілген қазақ өнерінің майталман шеберлері Абай әлемінің иірімдерін талғампаз өнер тілінде өрнектеді. Театрландырылған сахналық қойылым, ән мен жыр, қарасөз бен күмбір күйден шашу шашылған тағылымды кеш ұлы ақынның қарапайым адам һәм шығармашылық тұлға биігіндегі сын мен сырға толы өмірін жан-жақты қырынан баян етті. Сегіз бөлімге топтастырылған кеш бағдарламасында драма театры, опера мен балет, дәстүрлі ән мен классикалық музыка біртұтас көркем жүйе түзіп, сахнада сұлу өнер салтанат құрды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Нұрқанат Жақыпбай, Төлеубек Әлпиев және Асхат Маамировтің режиссерлігімен сахна төріне шыққан мерекелік кештің «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп аталатын алғашқы бөлімінде ұлы ақын мұрасының рухани тағылымы тұрғысынан бейне сюжет көрсетіліп, Қазақстанның халық әртісі Гүлжан Әспетова, Болат Әбділманов, Нұркен Өтеуілов, Қуандық Қыстықбаев, Берік Айтжанов бастаған талантты театр актерлері кезектесе Абай өлеңдерін төгілте жырласа, «Абай әлемі» аталатын бөлімі ақын өмірін театр тілінде бейнеледі. Мұхтар Әуезовтің «Абай» трагедиясы мен Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди қиялына қанат бітірген «Абай» операсынан үзінді көрсетіліп, елордалық Жастар театры актерлерінің қатысуымен Жұманазар Сомжүректің «Абай – Тоғжан» драмасынан лирикалық үзік сыр көрермен назарына ұсынылды. Тағылымды кеште КСРО және Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов, КСРО және Қазақстанның халық әртісі Әлібек Дінішев,

Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Роза Рымбаева және Айман Мұсақожаева, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Майра Мұхамедқызы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Тамара Асар, Ерлан Рысқали, Медет Шотабаев, Зарина Алтынбаева сонымен қатар халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары мен еліміздің жас дарындарының орындауында ұлы ақынның әндері «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театрының симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен кемеліне келтіріле шырқалды. – Абайды қазақтың өзі десек, бүгінгі кешті сол мұқым қазаққа ортақ, өзін танып, іздеуге бағытталған үлкен тойы деп білемін. Өйткені Абай – адамзаттың алтын қазығы. Сондықтан да Абай жылының ресми ашылуына арналған мәдени шараның барынша мағыналы-мазмұнды өтуіне күш салдық. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мақаласында айрықша атап өткендей, ең басты мақсат – той тойлау емес, ой толғау екенін қаперімізден шығармадық. Сол негізде іздендік. Режиссерлік тілмен айтқанда, бас-аяғы бүтін театрландырылған өнер, тағылым кешін жасағымыз келді. Әлбетте оңай болмады. Ақын әлемі мұхит болса, сол алып кеңістікті бір сағаттан сәл асатын бағдарламаға сыйдыру өте қиын болды. Барлық дүниені қамтығымыз келгенімен, уақыт мұрша бермеді. Әйтсе де, кештің барынша сапалы, мағыналы өтуіне тырыстық. Кемеңгер тұлғаның әр мұрасына аялай қарап, талғам биігінен ұғынып, ұсынуға күш салдық. Көрермен көңілінен шықты ғой деген сеніміміз мол, – деді ауқымды шараның режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай.

Тағылымды кеш Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, актер Болат Әбділмановтың орындауындағы Мұхтар Әуезовтің «Абай» трагедиясындағы ақынның: «Алдымда күн... Өзгеше жарық нұрлы күн... Аты «тіршілік» болса керек... Мен өз өмірімде оған жетпедім, көрмеспін ол күнді. Сол болашақ үшін бір шөпшектей, бір ғана кірпіштей болса да кесек қалап кетсем арманым жоқ. Сәлем деңдер соларға, сәлем деңдер, ұрпағым!» деген әйгілі монологымен түйінделді.



Салтанатты шара мәресіне жеткенімен, Абай тойы енді басталды. Ойымызды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен қорытар болсақ: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды,

қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді». Бүгінгі өлең кеші, өнер кеші соның айғағы.



Көрермендер лебізі

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, ақын:
– Абайдың философиялық мақсат-мұратының біразы дәл қазір осы мерейтой кезінде бағдарламаларға енгізіліп, жоспарларға кіргізіліп, қолға алынып жатыр. Жалпы, ол кісінің лирикасы, поэзиясы балабақшадан бастап оқытылуы керек деген бастамаға мен өз басым қосыламын. «Бізде ұлттық идеология жоқ» деп келдік қой бүгінге дейін. Негізгі біздің ұлттық идеологиямыздың ең басты құрамдас бөлігі осы Абайдың асыл мұраларынан тұруы керек деп есептеймін. Толық адам деген ұғым негізінен кемел адам деген ұғыммен тоқайласады ғой. Ендеше, бүгінгі бастама, талпыныс ұлттың, халықтың кемелденуіне алып келуі керек. Кемшіліксіз адам болмайды. Бірақ адамның ішкі жан дүниесінің кемелденуіне, жүрегін, көңілін, сезімін, ойын асыл арнаға, ізгілікті арнаға алып келуді қолға алып жатқанымыз көңілге қуаныш ұялатады. Сәл кештеу ме деп те ойлайсың. Бірақ «ештен кеш жақсы» деген. Абай мұрасы, хакім шығармалары ешқашан ескірмейді. Абай – біздің көктегі жарқыраған темірқазығымыз. Сондықтан бүгінгі шара үлкен мұраттардың бастамасы болар деп сенемін. Абай жылы аясында қаншама дүние жоспарланып отыр. Соның барлығы сәтімен іске асын деп тілеймін.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ, абайтанушы ғалым:

– Әр ұлттың өмірінде сол ұлттың кешегісін бүгінге байланыстырып, бүгінгі күнін ертеңге жалғайтын, әр ұрпақты ойландырып, біріне бірін рухани ұштастыратын тұлғалар болады. Біз үшін сол ұлы тұлға – Абай. Абай қазақтың барлық құбылысты сыр-сипатын, тағдырын ертеңімен қоса суреттеген ұлы кемеңгер. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінің бетінде жарияланған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтылғандай, «Абай – адамгершілікті, ізгілікті, өркениетті аңсаған. Біз сол Абай армандаған жан-жақты өркениетті қоғам құруға ұмтылуымыз керек. Оған Абайды күретамыр

етіп аламыз» деген ойға саятын пікірін ұлы сөз дер едім. Бүгінгі күннен басталған осы бір салтанат мәңгілік аяқталмасын деп тілеймін. Өйткені Абай ойының салтанаты – бүкіл қазақтың салтанаты. Сонда Абай мұрасы мен ұрпақ, ұлт арасындағы ұлы сабақтастықты үзбей, берік сақтаймыз.

Тыныштықбек ӘБДІКӘКІМҰЛЫ, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

– Абайды таныту бір жылдың жұмысы емес, әрине. Біз Абайды толық танып та үлгерген жоқпыз әлі. Мәселен, Абайды қазір «хакім Абай» деп жүрміз. Оны өздеріңіз де жақсы білесіздер, Абайды алғаш рет «Хакім» деп атаған Мағжан Жұмабаев болатын. Одан бері қарай Ғарифолла Есім ағамыз еңбектерінде қосып жүр. Бірақ ендігі мақсат Абайды тек қана хакім деп емес, хакімдіктен әрі қарай да жоғары кеткен адам екендігін, дана екендігін дәлелдеуге күш салынуы қажет. Ал ол үшін не керек? Абайтануға бағытталған зерттеулер жүйелі түрде жүргізілуі қажет деп айтар едім. Яғни, Абай егер хакімдіктен жоғары болатын болса, онда оны осы биігінен танытуымыз қажет. Ол ешқандай да асырып айтқандық емес. Мысалы, менің өзім бір ширек ғасыр бойы Абаймен жүйелі түрде айналысып, зерттеп келе жатқан адаммын. Абай әлемі – тұңғыық әлем, тазалық әлемі. Сондықтан да осындай батыл ойға келдім.

Біз бүгінде Абайды қалай зерттеп жүрміз? Абай феноменінің сырын Шығыс пен Батыс әдебиетінің ықпалынан, әсерінен іздейміз. Бірақ бұл өте жалқы, таяз түсінік. Сонда қазақтың ықылым заманнан келе жатқан тегі қайда қалды? Ал сол ұлттық тектің тамырында сұрапыл дүниетаным жатыр емес пе? Осыны ұмытпауымыз керек. Міне, Абайды осы өлшемге сай танысақ, сонда адаспаймыз.

Кенжеғали МЫРЖЫҚБАЙ, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, әнші:

– Мен өзім Абай елінде тудым. Пушкиннің елі Санкт-Петербургте білім алдым. Тіпті «Абай-Пушкин» деген бағдарламам да бар. Жалпы, Абай әлемі шетсіз-шексіз терең әлем ғой. Қай қырына үңілсең, сол қыры сайрай жөнеледі. Сондықтан да Абай – күллі адамзаттың алыбы. Өзім әнші болғаннан кейін, Абайдың композиторлық қырын сөз еткім келеді. Жалпы, бүгінде әншілер Абайдың «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Қаламқас» сынды санаулы ғана әнін айтып жүр. Ал ақынның тек өлеңдері ғана емес, композиторлық қоры да өте бай. Хакімнің 175 жылдық мерейтойы қарсаңында музыкатанушылар осы жағына көбірек көңіл бөліп, жүйелі зерттеулер жасалса, қазақтың ұлттық музыкалық қоры көптеген классикалық туындылармен толыға түсетініне сенемін. Абай әндерінің орындаушысы, насихаттаушысы ретінде бұған өзім де үлесімді қосамын деген ниеттемін.

Назерке ЖҰМАБАЙ